

**1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 маусымдағы N 961. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия мына құрамда құрылсын:

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, Комиссия төрағасы

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, Комиссия төрағасының  
о р ы н б а с а р ы

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің төрағасы (келісім бойынша)

Ақанов С.А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Дәмитов К.К. - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі

Зейнелғабдин А.Б. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюджеттік департаментінің директоры

Котенко Н.Л. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Үкімет шешімдерін әзірледі үйлестіру бөлімінің меңгерушісі

2. 1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. 1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия 1997 жылдың 20 маусымына дейін Комиссияның жоспар-кестесін әзірлеп, бекітсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 12 маусымдағы  
N 961 қаулысымен

бекітілген

**1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. 1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия (бұдан әрі - Комиссия) өз қызметін Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне және қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға жауап беретін 1998 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің тиімді құрылымын қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

3. Комиссияның бірінші кезектегі міндеті мемлекеттік және республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдар өз бюджеттік өтінімдерін әзірлеу кезінде ұстануға тиісті баптар бойынша шығыстардың жоғарғы лимиттерін айқындау болып табылады.

Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1996 және 1997 жылдардағы республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуының тиімділігіне талдау жасау;

1998 жылға арналған мемлекеттік және республикалық бюджеттің баптары бойынша шығыстардың жоғарғы лимиттерін айқындаудың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынған әдістемесін қарау және бекіту;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берген ұсыныстардың

негізінде, кірістер болжамын және тапшылықты қаржыландырудың жол берілетін деңгейін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің ірілендірілген баптары бойынша шығыстардың жоғарғы лимиттерін қ а л ы п т а с т ы р у ;

Комиссия мүшелерінің немесе Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының бағдарламаларды республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге және жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке көшіруге қатысты ұсынымдарын қарау;

1998 жылға арналған жергілікті бюджеттердің ірілендірілген параметрлерін белгілеуге қатысу .

#### 4. Комиссияның :

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, Үкіметтің құрамына кірмейтін өзге орталық атқарушы органдардан, жергілікті басқару органдарынан, басқа да мемлекеттік органдардан өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұратуға ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне шығыстарды министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге атқарушы органдар бойынша Комиссия белгілеген шығыстардың жоғарғы лимиттерінің шегінде неғұрлым егжей-тегжейлі әзірлеуі кезінде ұсынымдар беруге ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және басқа министрліктер мен ведомстволардың арасында олардың бюджеттік өтінімдеріне өзгерістер енгізу мәселелері бойынша туындауы мүмкін кез келген елеулі келіспеушіліктерді шешуге қатысады ;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер шақыруға, басқа шаралар жүргізуге ;

өз қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен, мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарымен, ғылыми ұжымдармен, ғалымдармен, мамандармен, тиісті халықаралық ұйымдармен, өзара бірлескен іс-қимыл жасауға өкілеттігі бар .

5. Комиссияның жұмысы жоспарлы құрылады. Комиссия әзірлеген материалдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынылады және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына е н г і з і л у і м ү м к і н .

6. Комиссия шешімдерді Комиссия мүшелері жалпы құрамының көпшілік даусымен қабылдайды. Шешімдер хаттамамен ресімделеді.

